

## Екібастұз қаласы Шиқылдақ ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Екібастұз қаласы Шиқылдақ ауылы әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 наурызда № 5883 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2–тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Шиқылдақ ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 25 қазандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Екібастұз қаласы Шиқылдақ ауылы әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Екібастұз қаласы Шиқылдақ ауылының кейбір көшелері:  
"Кирова" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі;  
"Механизаторская" көшесі "Бейбітшілік" көшесі;  
"Приозерная" көшесін "Сарыарқа" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шиқылдақ ауылы әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Г. Енсебаева*